

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУ ІНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАР МЕН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДІҢ, ЛИЦЕЙЛЕР МЕН ГИМНАЗИЯЛАРДЫҢ
МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА
НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН АТАП ӨТУ БОЙЫНША
ҰСЫНЫМДАР**

**РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПРОВЕДЕНИЮ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ И
ПРЕДШКОЛЬНЫХ КЛАССАХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛ,
ЛИЦЕЕВ И ГИМНАЗИЙ ПРАЗДНИКА
НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ**

Астана 2024

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында Наурыз мейрамын атап өту бойынша ұсынымдар.

Ұсынымдар – Астана, 2024 жыл – 9 бет.

Ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында іс-шараларды өткізу бойынша ұсынымдар қарастырылған.

Ұсынымдар білім беру ұйымдарының педагогтері мен балабақша әдіскерлеріне арналған.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАР МЕН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ, ЛИЦЕЙЛЕР МЕН ГИМНАЗИЯЛАРДЫҢ МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

ТАРИХЫ

1991 жылғы 15 наурызда Қазақ КСР Президентінің «Көктемгі халықтық мереке – Наурыз мейрамы туралы» Жарлығы шықты, Қазақстанда 30 жылдан астам уақыттан бері Наурыз мейрамы тойланып келеді.

Наурыз – көктемгі мереке, жаңарудың, табиғаттың оянуының нышаны.

Мереке қарсаңында адамдар үй-жайларын және шаруашылықты ретке келтіреді, мерекелік тағамдар мен ұлттық киімдер дайындайды. Мереке алдындағы түнде ыдыстар жаңа жыл берекелі болсын деген ниетпен бидай, сүт, айран, сумен толтырылады.

Бұл күні барлығы бір-біріне «Көктем келді!», «Наурыз мейрамы құтты болсын! Ақ мол болсын!» деген тілектер айтады, арықтарды тазартады, ағаштар отырғызады.

Түсте дастархан жайылады: дастарханда тағам түрлері неғұрлым көп болса, онда жыл берекелі болады. Содан кейін ойын-сауықтар, ойындар, жарыстар басталады. Мереке әсем әндермен, қойылымдармен, театрлық көріністермен, байқаулармен жалғасады.

Кешке ақындар айтысқа жиналады: халық ақындары өздерінің шешендік өнерін көрсете отырып, айтысады. Кеш ұлттық ойындармен жалғасады («Аударыспақ», «Қыз қуу», «Көкпар», «Бәйге», «Алтыбақан»).

МАҚСАТЫ

балалардың қазақ халқының мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне қызығушылығын ояту, Отанды сүйуге, еңбекқорлыққа, әртүрлі ұлт өкілдеріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

МІНДЕТТЕРІ

- балаларды қазақтың ұлттық Наурыз мерекесімен, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен және ойындарымен таныстыру;

- қазақ халқының мәдениетін құрметтеуге, туған жерге деген сүйіспеншілікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу;

- мерекені эмоционалды, оң қабылдауға ықпал ету, халықтың мәдениеті мен өміріне қатысын түсіну.

РЕСУРСТАРЫ

Мереке сценарийін жас топтарының/мектепалды сыныптарының тәрбиешілері музыка жетекшісімен бірге құрастырады. Сценарийді педагогтер ұжымымен міндетті түрде талқылау керек, олар өзара рөлдер мен міндеттерді бөліседі: атрибуттар, костюмдер дайындау, музыка залының безендіру.

Залды, топты/сыныпты безендіру балалар үшін қауіпсіз болуы, мерекелік көңіл-күй сыйлайтындай болуы тиіс.

Мерекені тәрбиеленушілердің, педагогтердің, ата-аналардың, заңды өкілдердің (отбасы мүшелерінің) қатысуымен, білім беру ұйымының мүмкіндіктерін ескере отырып, **аниматорларды және ақылы қызмет көрсететін бөгде адамдарды шақырмай**, ұйымдастыру қажет.

МЕРЕКЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Іс-шараның форматы, мазмұны және өткізілу орны мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктеріне сәйкес қауіпсіздік жағдайларын ескере отырып айқындалады.

Мерекенің мазмұны балалардың жас ерекшеліктері, олардың қызығушылықтары, үйренген репертуары ескеріле отырып құрылады. Мереке бағдарламасында түрлі балалар әрекеттері (топтық және жеке орындаулар, ертегілерді сахналау, билер, ұлттық ойындар, байқаулар және т.б.) үйлестірілгені абзал.

Мерекені өткізу форматы әртүрлі болуы мүмкін:

- отбасы салт-дәстүрлері, қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы туралы тақырыптық әңгімелер: «Отбасында Наурыз мейрамы қалай тойланады»;

- «Біз Наурызды қарсы аламыз» бейнелеу өнері және суреттер көрмесі;

- ертеңгіліктер: «Наурыз-Бейбітшілік пен мейірімділік мерекесі!», «Наурыз мерекем – Наурыз берекем» (*басқа тақырыптарды да таңдауға болады*);

- қазақ халқының салт-дәстүрлерін көрсетуге болатын театрландырылған қойылымдар;

- ұлттық ойындар бойынша спорттық жарыстар және т. б.;

- ән мен тақпақтар байқауы, айтыс.

Наурыз мейрамының өткізілу форматын таңдаған кезде, әр тәрбиеленушінің және жалпы топтың/сыныптың жас және жеке мүмкіндіктерін ескеріп, күрделі шығармалармен балаларға шамадан тыс жүктеме берілмеуін, мереке балалар үшін өткізілетінін және олар белсенді қатысушылар екенін есте ұстаған абзал.

АҚПАРАТТЫҚ ҚОЛДАУ

Өткізілген іс-шаралар туралы ақпаратты бұқаралық ақпараттық құралдарында, сондай-ақ ата-аналардың әлеуметтік желілердегі парақшаларында қалауы бойынша орналастыру қажет.



*Разработано на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Рекомендации по проведению в дошкольных организациях и предшкольных классах общеобразовательных школ, лицеев и гимназий праздника Наурыз мейрамы.

Рекомендации – Астана, 2024 год – 9 стр.

В пособии предусмотрены рекомендации по проведению мероприятий в условиях дошкольных организаций и предшкольных классов общеобразовательных школ, лицеев и гимназий.

Рекомендации предназначены для педагогов организаций образования и методистов детских садов.

Институт раннего развития детей, 2024 год

**РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПРОВЕДЕНИЮ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ И
ПРЕДШКОЛЬНЫХ КЛАССАХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛ,
ЛИЦЕЕВ И ГИМНАЗИЙ ПРАЗДНИКА
«НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ»**

ИСТОРИЯ

15 марта 1991 года принят Указ Президента Казахской ССР «О народном празднике весны Наурыз мейрамы», и уже более 30 лет в Казахстане празднуют Наурыз.

Наурыз – весенний праздник, символ обновления, пробуждения природы.

Накануне праздника люди приводят в порядок дома и хозяйство, готовят праздничные угощения и национальную одежду. В ночь перед праздником разные емкости наполняют зерном, молоком, айраном, ключевой водой для обеспечения благосостояния в новом году.

В этот день все приветствуют друг друга словами «Көктем келді!», а также «Наурыз мейрамы құтты болсын! Ақ мол болсын!», расчищают арыки, сажают деревья.

К обеду накрывают дастархан: чем щедрее угощения, тем благополучнее будет год. Затем наступает время развлечений, игр, состязаний. Празднование сопровождается особыми песнями, представлениями, театральными сценками, конкурсами.

Вечером собираются на айтыс акынов: народные поэты состязаются, демонстрируя свои таланты. Вечер продолжается национальными играми («Аудары-спек», «Кыз куу», «Кокпар», «Байга», «Алтыбакан»).

ЦЕЛЬ:

привитие детям интереса к культуре, обычаям и традициям казахского народа, воспитание любви к Родине, к труду, уважения к людям разных национальностей.

ЗАДАЧИ:

- повысить интерес детей к казахскому национальному празднику Наурыз мейрамы, традициям, обычаям и играм казахского народа;
- воспитывать уважение к культуре казахского народа, любовь к родной земле, дружеские отношения;
- стимулировать позитивное эмоциональное восприятие праздника, осознание принадлежности к культуре и быту народа.

РЕСУРСЫ

Сценарий праздника составляется воспитателями возрастных групп/предшкольных классов совместно с музыкальным руководителем. Обсуждение сценария обязательно проводится с коллективом педагогов, они

распределяют между собой роли и обязанности: подготовка атрибутов, костюмов, дизайн оформления.

Оформление зала, группы/класса должно быть безопасными для детей, создавать позитивный настрой, атмосферу праздника.

Праздник необходимо организовать самостоятельно, с учетом возможностей организации образования при участии воспитанников, родителей, законных представителей (членов семей), педагогов, **без приглашения аниматоров и других посторонних лиц, оказывающих платные услуги.**

ОРГАНИЗАЦИЯ ПРАЗДНИКА

Формат, содержание и место проведения мероприятия определяются с учетом всех условий безопасности в соответствии с возрастными особенностями и индивидуальными потребностям детей дошкольного возраста.

Содержание праздника строится с учетом возрастных особенностей детей, их интересов, разученного репертуара. Желательно, чтобы в программе праздника гармонически сочетались разные виды деятельности (групповые и индивидуальное исполнения, инсценировка, танцы, национальные игры, конкурсы и т.д.).

Формат проведения праздника может быть разным:

- тематические беседы «Как празднуют Наурыз в семье» о традициях семьи, культуре и быте казахского народа;
- изобразительность и выставки рисунков «Мы встречаем Наурыз»;
- утренники на темы: «Наурыз – праздник мира и добра!», «Наурыз мерекем – Наурыз берекем» (*также можно выбрать другие темы*);
- театрализованные постановки с показом народных традиций и обрядов;
- спортивные соревнования по национальным играм и др.;
- песенные и стихотворные конкурсы, айтысы.

При выборе формата проведения праздника Наурыз мейрамы следует учитывать возрастные и индивидуальные возможности каждого воспитанника и группы/класса в целом, не перегружать праздник трудными произведениями и помнить, что праздник проводится для детей и они являются его активными участниками.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ

Информацию о проведенных мероприятиях необходимо разместить в средствах массовой информации, в т.ч. по желанию на страничках родителей в социальных сетях

